«Гранд Тауэр Сервис» ЖШС
Заңды мекен-жайы:
Алматы қаласы, Достық қиылысы, 38
БИН/ЖСН: 040740015961
ЖСК: KZ846017131000017775
БСК: HSBKKZKX
Банк: «Қазақстан Халық банкі» АҚ
«Гранд Тауэр Сервис» ЖШС
Заңды мекен-жайы:
Алматы қаласы, Достық қиылысы, 38
БИН/ЖСН: 040740015961
ЖСК: KZ846017131000017775
БСК: HSBKKZKX
Банк: «Қазақстан Халық банкі» АҚ

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕСЕП

Республика күні және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Егемендігі туралы Декларациясының 35 жылдығына арналған
«Қыран елім – Қазақстаным» мемлекеттік мерекесіне арналған салтанатты іс-шарасын дайындау және өткізу туралы

Шымкент, 2025 ж.

Орындаушы:

«Гранд Тауэр Сервис» ЖШС

БИН 040740015961

Алматы қаласы, Достык даңғылы, 38

Атауы

«25 қазан – Республика күні» мемлекеттік мерекесіне арналған салтанатты іс-шарасын дайындау және өткізу

Келісімшарт № 16

Республика күні мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Егемендігі туралы Декларацияның 35 жылдығына арналған «Қыран елім – Қазақстаным» мемлекеттік мерекесіне арналған салтанатты іс-шарасын дайындау және өткізу туралы 2025 жылғы 18 сәуірдегі №16 келісімшарты бойынша

24 қазан күні Шымкент қаласының «Қызғалдақ» сарайында Республика күні мен Қазақстан Республикасының Егемендігі туралы Декларацияның 35 жылдығына арналған «Қыран елім – Қазақстаным» атты ресми салтанатты іс-шара өтті.

Техникалық ерекшелікке сәйкес тапсырыс берушіге іс-шараның арнайы форматта құрылған толыққанды авторлық концепциясы және бағдарламасы ұсынылды. Мерекелік шара бекітілген бағдарлама, сценарийге сәйкес ресми және концерттік бөлімдерден тұрды.

Концепцияда көркемдік-сахналық драматургияның жалпы құрылымы, визуалды және идеялық сүйемелдеу, әртістердің тізімі, сахна эскизі, бағдарлама мазмұны, қойылымдық нөмірлердің реті, сондай-ақ гала-концерттің толық сценарийі

ұсынылды. Дайындық барысында қала әкімінің орынбасары Сәрсен Құранбектің қатысуымен жалпы репетициялар жүргізілді, бұл бағдарламаның үйлесімділігін қамтамасыз етті.

Құттықтау сөзін Шымкент қаласының әкімі Ғабит Әбдімажитұлы Сыздықбеков сөйлеп, Республика күні – Қазақстанның бірлігі, тәуелсіздігі және тұрақты дамуының символы екенін атап өтті. Ол Конституцияның мемлекеттегі тұрақтылықтың, әділдіктің және демократиялық құндылықтардың басты кепілі ретіндегі рөлін ерекше атап өтті.

Іс-шара барысында қаланың құрметті азаматтарына арнайы грамоталар, ордендер және гүлдер табысталды. Сахнада республикалық деңгейдегі арнайы шақырылған өнерпаздар өнер көрсетіп, көрермендерге қуаныш, шабыт және патриоттық рух сыйлады.

Ресми шараға, елімізге танымал әртістер қатысты. Көрермендердің ерекше ықыласына «Заман» дуэті, Әсет Есжан, Ұшқын Жамалбек, Алтынай Жорабаева және «Аламан» дуэтінің өнер көрсетуі қуаныш сыйлады. Әртістерге арнайы райдерлеріне сәйкес жағдай жасалды. Олар «Қайнар» қонақүйінде тұру, ұшу билеттері, қалаішілік транспортпен қамтамасыз ету, «Тары» мен «Сандық» мейрамханаларында тамақтану, іс-шара барысында сахна сыртында кейтеринг ұйымдастырылды. Барлық өнер көрсетуші әртістерге, келісімшартқа сәйкес гонорарлар төленді.

Іс-шараның ұйымдастырылуы жоғары деңгейде қамтамасыз етілді. Зал мен сахна кеңістігі заманауи LED-экрандар, жарық және дыбыс жабдықтарымен безендірілді. Барлық техникалық және көркемдік шешімдер тәжірибелі режиссердің жетекшілігімен және Тапсырыс берушімен келісе отырып жүзеге асырылды.

Іс-шара жоғары ұйымдастырушылық және көркемдік деңгейде өтіп, Тапсырыс берушінің барлық талаптарына сай болды. Салтанат соңында қала әкімінің атынан «Ықылас гүлі» табысталды. Дайындау және өткізу кезеңдерін бейнелейтін барлық фото және видео материалдар толық көлемде хард дискке жүктеліп Тапсырыс берушіге тапсырылды.

1.1. 25 қазан – Республика күніне және Мемлекеттік егемендік туралы декларацияның 35 жылдығын мерекелеуге арналған

«Қыран елім - Қазақстаным» мерекелік салтанатты іс-шарасының бағдарламасы:

16.00 - 16.02	-	**ҚР Мемлекеттік Туы** *(Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туының* *кіргізілу рәсімі)*
16.02 - 16.05	-	**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні** Орындайтын: **Айбек Қанатбек**
16.05 - 16.07	-	**Фанфар** **Жүргізушілердің шығуы** *(Кіріспе сөзі)*
16.07 - 16.10	-	**Құттықтау сөз** Шымкент қаласының әкімі **Ғабит Әбдімәжитұлы Сыздықбековтің** құттықтау сөзі
16.10 - 16.40	-	**Марапаттау рәсімі** *(41 адам)*
16.40 - 16.42	-	**ҚР Мемлекеттік Туы** *(Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын алып шығу рәсімі)*
16.42 - 16.46	-	**Тақырыптық бейнеролик** *(4 минут)*
16.46 - 16.50	-	Би **«Еділ мен Ертіс арасы»** Орындайтын: **«Қазына» би ансамблі**
16.50-16.53	-	**«Туған жер» әні** *әні: М.Жаңабеков* *сөзі: А.Жаппарқұлова* Орындайтын: **Айгерім Тәжі, Алуа Мерген, Айнұр Назарбекова, Айжан Пірімжар**
16.53 - 16.57	-	**«Гаухартас»** *Халық әні* Опера және балет театрының солисті **Айгүл Азатова** және балет труппасы
16.57 - 17.01	-	**«Елім деп соқсын жүрегің»** әні *авт.: Е. Қарақойшы* Орындайтын: **«Аламан» тобы және «Қазына» би ансамблі**
17.01 - 17.09	-	**«Дүр қамшы»** әні *муз.: Ұ.Жамалбек* *сөзі: Б.Қуанышұлы* **«Алға»** әні *әні: Ұ.Жамалбек* *сөзі: О.Қиынбаев*

		Орындайтын: **Әсет Есжан**
17.09 – 17.13	-	**«Мен сені сүйем Қазақстан»** әні *муз.:Ұ.Жамалбек* *сөзі:С.Закерұлы* Орындайтын: **Ұшқын Жамалбек және Әсет Есжан**
17.13 – 17.17	-	**«Мен қазақтың баласы»** әні *муз.:Ұ.Жамалбек* *сөзі:С.Закерұлы* Орындайтын: **Ұшқын Жамалбек**
17.17-17.25	-	**«Мені ойла»** әні *авт.: Т.Айбергенов* Орындайтын: **«Заман» тобы** және **балет труппасы** **«Қарақат көзің»** әні *әні: Е. Айтымбетов* *сөзі: Т. Арынғали* Орындайтын: **«Заман» тобы және «Қазына» би ансамблі**
17.25 - 17.33 **Финал**	-	**«Әдемі ау»** әні *авт.: Е. Хасанғалиев* **«Егемен Қазақстан»** әні *авт.: Қ.Жүнісов* Орындайтын: **Алтынай Жорабаева** *Барлық қатысушылар шығады*
17.35	-	**Іс-шараның соңы** Ықылас гүлі

1.2. 25 қазан – Республика күніне және Мемлекеттік егемендік туралы декларацияның 35 жылдығын мерекелеуге арналған ***«Қыран елім - Қазақстаным» мерекелік салтанатты іс-шарасының сценариі***

LED ЭКРАН. (25 қазан – Республика күні)

Сахна тақырыпқа сай безендірілген. Сахнада LED экран эскизге сай орнатылған. Дыбыс күшейткіш аппаратурадан музыкалық әуендер ойналып тұрады.

Бақдаулет: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік ТУЫ кіргізілсін!

(Ұлттық Ұланнан 3 қарауыл Туды алып кіреді)

Бақдаулет: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні.

Солист: Айбек Қанатбек

Әнұран орындалған уақытта LED экранда Қазақстан Республикасының туы көрсетіледі.

Фанфар
Жүргізушілердің шығуы
(Кіріспе сөзі)

Бақдәулет: Қайырлы күн! Құрметті ханымдар мен мырзалар!!! Бүгінгі еңселі егемендігіміздің, тұғырлы тәуелсіздігіміздің, айбарлы азаттығымыздың айғағы, ұлттық мерекеміз –
Бақдаулет, Әсем бірге: Республика күні құтты болсын!

Шымкент қаласы әкімдігінің 25 қазан – Республика күніне және Мемлекеттік егемендік туралы декларацияның 35 жылдығын мерекелеуге арналған **«Қыран елім - Қазақстаным»** мерекелік салтанатты кешіне

Бақдаулет, Әсем бірге: ҚОШ КЕЛДІҢІЗДЕР!

Әсем: Қазақстанның тарихи таңдауын айқындаған егемендік Декларациясы 1990 жылы 25 қазанда Жоғарғы Кеңестің қаулысымен қабылданып, Тәуелсіздікке нық қадам жасалды. Егемендік декларациясы – тәуекел мен дипломатияның, ақыл мен сабырдың жемісі болып қалыптасты.

Бақдәулет: Республика күні – еліміздің еңсесін тіктеп, рухын көтеретін, ырыс ынтымағымызды нығайтып, береке бірлігімізді арттыратын айтулы мереке.

Бақдәулет: Мерекелік салтанатты іс-шарамыздың құттықтау сөзі Шымкент қаласының әкімі **Ғабит Әбдімәжитұлы Сыздықбековке** беріледі.

ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗ

Бақдәулет: Рахмет, құрметті Ғабит Әбдіәжитұлы сахнада қалуыңызды сұраймыз!

Әсем: Егемендігіміздің болашағы мен өркендеуі жолында еңбек етіп жүрген, саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосқан қаламыздың бірқатар азаматтарына мемлекеттік наградалар тапсыру рәсімін бастауға рұқсат етіңіздер!

ТІЗІМ БОЙЫНША

Жүргізушілердің хабарлауымен қала әкімі сала мамандарын марапаттайды.

МАРАПАТ ТАПСЫРУ РӘСІМІ

Бақдәулет: Құрметті Ғабит Әбдіәжитұлы сізге алғыс білдіре отырып, орныңызға жайғасуыңызды сұраймыз! Барша марапат иелерін құттықтаймыз.

Әсем: Еліміздің дамуы жолындағы еңбектеріңіз еселене берсін! Ұлттық мерекеміз – Республика күні құтты болсын!

Бақдәулет: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік ТУЫ әкетілсін!

(Ұлттық Ұланнан 3 қарауыл Туды шығарады)

Жүргізушілер сахнадан кетеді. Әрі қарай хабарлаусыз тақырыптық бейнеролиу қойылады (4 минут).

Тақырыптық бейнероликтен кейін, хабарлаусыз, «Қазына» би ансамблі шығады.

Бақдәулет: Алдарыңызда өнер көрсеткен «Қазына» би ансамблі!
Анар Жаппарқұлованың сөзіне жазылған, Мұрат Жаңабековтың әні «Туған жер». Сахнада Айгерім Тәжі, Алуа Мерген, Айнұр Назарбекова, Айжан Пірімжар
(4 минут).

Әсем: Халық әні «Гаухартас». Сахнада Айгүл Азатова және балет трупасы
(4 минут).

Әсем: Төлеген Айбергеновтың сөзі мен әніне жазылған «Мені ойла» әні. Сахнада «Заман» тобы! ***(4 минут).***

«Заман» тобы екінші әнін өздері хабарлайды. «Қарақат көзің» әні,
әні: Е. Айтымбетов, сөзі: Т. Арынғали ***(4 минут).*** *Осы әнге «Қазына» би ансамблі шығады.*

Әсем: Біләл Қуанышұлының сөзіне жазылған Ұшқын Жамалбектің әні «Дүр қамшы». Сахнада Әсет Есжан. Қарсы алыңыздар! ***(4 минут).***

Әсет Есжан екінші әнін өзі хабарлайды. ***«Алға» әні.*** *әні.: Ұ.Жамалбек, сөзі: О.Қиынбаев* ***(4 минут).***

Әсем: Сержан Зәкерұлының сөзіне жазылған, Ұшқын Жамалбектің әні **«Мен сені сүйем Қазақстан».** Сахнада Ұшқын Жамалбек және Әсет Есжан! Қошеметтеріңіз болсын!

Әсет Есжан сахнадан кетеді, Ұшқын Жамалбек екінші әнін өзі хабарлайды. Ринат Заитовтың сөзіне жазылған Ұшқын Жамалбектің әні «Мен қазақтың баласы» ***(4 минут).***

Бақдәулет: Ерболат Қарақойшының сөзі мен әніне жазылған «Елім деп соқсын жүрегім» әні. Сахнада «Аламан» тобы және «Қазына» би ансамблі! *(4 минут).*

Әсем: Ескендір Хасанғалиевтің сөзі мен әніне жазылған «Әдемі ау» әні**.** Сахнада Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері Алтынай Жорабаева! ***(4 минут).***

ФИНАЛ. *Алтынай Жорабаева екінші әнін өзі хабарлайды. «Егемен Қазақстан» әні, авт.: Қ.Жүнісов (4 минут).*

Барлық қатысушылар шығады.
Жүргізушілер шығады.

Бақдәулет: *Ән біткен соң:* Шымкент қаласының әкімі Ғабит Әбдіməжитұлы Сыздықбековтың Ықылас гүлі!

Бақдәулет: Дархан дала төсінде өрісін кеңейтіп, өркен жайған еліміз көркейе берсін!

Әсем: «Республика күні» мерекесіне арналған **«Қыран елім - Қазақстаным»** атты салтанатты шарамыз өз мәресіне жетті.

Бақдәулет: Шаңырақтарыңызға шаттық, қуаныш пен бақ-береке тілейміз. Тәуелсіздігіміз тұғырлы, береке бірлігіміз ғұмырлы,

(Бірге) **Республика күні құтты болсын!**
Келесі кездескенше, аман-сау болыңыздар!

1.3. Іс-шараның мақсаты, контингенті, өтетін орны мен уақыты.
Іс-шараның негізгі мақсаты – «25 қазан – Республика күні» мемлекеттік мерекесінің маңыздылығын айқындай отырып, салтанатты концерттік бағдарламаны жоғары деңгейде ұйымдастыру және көрермендерге мазмұндық әрі эстетикалық әсері зор мерекелік орта қалыптастыру.
Іс-шараның мақсатты контингенті: мемлекеттік органдар өкілдері, қала қонақтары, мәдениет және өнер саласының мамандары, шақырылған әртістер және өзге де қатысушылар.

Уақыты: 2025 жылдың 24 қазан айы
Орны: Шымкент қаласы, «Қызғалдақ» сарайы





1.4. Іс-шараның өткізілетіні туралы бейнероликтің мазмұны мен сценарийі әзірленді. Сонымен қатар іс-шараның логотипі, шақыру билеттерінің дизайн үлгілері және сахнаны безендірудің эскиздік жобалары дайындалып, Тапсырыс берушінің қарауына ұсынылып, бекітілді.

Shymkent
Республика күні
25
қазан
ТИПОГРАФИЯЛЫҚ БРЕНДЕЛГЕН ӨНІМДЕР
24 қазан, «Қызғалдақ» сарайы, сағат 16.00
25 қазан РЕСПУБЛИКА КҮНІ
АРТИСТ
ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ
ДӨҢГЕЛЕКТЕСІ
ҚҰРМЕТТІ
25 қазан
РЕСПУБЛИКА
КҮНІ

1.5. Іс-шара өтетін жабық алаңның интерьерін безендіруге арналған толық визуалды эскиздер топтамасы әзірленіп, бекіту үшін ұсынылды. Эскиздер жалпы стилистика мен іс-шараның салтанатты форматына сәйкестіріліп дайындалды.

1.6. Іс-шараның мазмұнын ашу және ақпараттық сүйемелдеу мақсатында кемінде 10 тақырыптық бейне контент дайындалды. Контентке арнайы сюжеттер, визуалды элементтер, мерекелік идентика және іс-шараның жалпы концепциясына сәйкес графикалық шешімдер енгізілді.

1.7. Кемінде 10 дана рациямен қамтамасыз ету Іс-шараны үйлестіру мен ұйымдастыру процесін тиімді жүргізу

үшін кемінде 10 дана рациямен толық қамтамасыз етілді. Байланыс құралдары техникалық сынақтан өткізіліп, ұйымдастыру штабына таратылды.

1.8. Құжаттамаларға өзгерістер енгізу тәртібі

Тапсырыс беруші келісім-шарт күшіне енген күннен бастап тіркелген құжаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу құқығын пайдаланды. Орындаушы Тапсырыс берушіден түскен барлық түзетулерді 15 күнтізбелік күн ішінде толық көлемде енгізіп, қайта келісіп, бекіту жұмыстарын орындады.

2. Ақпараттық сүйемелдеу бойынша атқарылған жұмыстар

2.1**.** Тапсырыс берушінің келісімі негізінде іс-шара өтетіні және өткендігі туралы ақпараттық хабарламалар дайындалып, жарияланды.



В Шымкенте торжественно отметили День Республики

1443

Фото: УВП города Шымкента.

Во дворце "Қызғалдақ" в Шымкенте состоялось торжественное мероприятие "Қыран елім –

TENGRI AUTO

Участок автотрассы закрыли в Западно-Казахстанской области
Вчера, 22:29 2823 2

Владельцы Tesla наконец-то получа CarPlay
14 ноября 2025, 19:02 167

Самые популярные автомобили октября 2025 назвали в Китае
14 ноября 2025, 17:01 737

Блогер поставил диван на колеса и оснастил V8: едет, светит и даже с торшером
14 ноября 2025, 14:52 249 1

TENGRI TRAVEL

Единое туристическое пространств может быть создано в Центральной Азии

21:15, 24 Октябрь 2025 | GMT +5

День Республики и 35-летие Декларации о государственном суверенитете отметили в Шымкенте

Во дворце «Қызғалдақ» города Шымкента прошло торжественное мероприятие «Қыран елім — Қазақстаным», посвященное Дню Республики и 35-летию Декларации о государственном суверенитете Казахстана, передает агентство Kazinform.

2.2. Іс-шараның мазмұнын ашу және насихаттау 3D графикалық контент әзірленді.

2.3-2.7. Іс-шара атауы көрсетілген ұзақтығы 1 минуттан кем емес 3D графикалық роликтер әзірленді. Іс-шараны ашу мақсатында бейне фильм түсіріліп, дайындалды және LED

экранда көрсетуге бейімделді (экран сапасына қойылған 3,91 мм пиксел талабына толық сәйкестендірілді).
Тақырыптық бейнероликтер дайындалып, іс-шара бағдарламасына енгізілді
Іс-шараны насихаттауға бағытталған 30 секундтық роликтер жергілікті телеарна эфиріне шығарылды: 10 күн бойы күніне 3 реттен, қамту аймағы Шымкент қаласының кемінде 95% аудиториясын қамтыды.

3. Іс-шараны өткізу бойынша қызмет көрсету кестесін дайындау

3.1. Іс-шараны өткізуге арналған қызмет көрсету кестесі әзірленді. Кестеде барлық дайындық кезеңдері, мерзімдері, жауапты тұлғалар, байланыс нөмірлері және электрондық пошта мәліметтері толық көрсетіліп, Тапсырыс берушімен келісілді.

3.2. Қызмет көрсету кестесіне сәйкес іс-шараның тұжырымдамасы, презентациялық слайдтары, бағдарламасы және сценарийі қазақ және орыс тілдерінде дайындалды. Қонақтар тізімі Тапсырыс беруші тарапынан ұсынылды.



3.3. Ақпараттық мәтіндер топтамасы әзірленіп, келісімге ұсынылды:

- Баспасөз-релизі – іс-шараның мақсаты, маңыздылығы, орны және күтілетін нәтижелері көрсетілген, қазақ және орыс тілдерінде дайындалып, публицистикалық стиль талаптарына толық сәйкес өтті.
- Кіріспе және құттықтау сөздер – ресми стильде әзірленіп, тілдік нормалар сақталды. Барлық мәтіндер Тапсырыс берушіге іс-шара басталғанға дейін 15 күнтізбелік күннен кешіктірілмей ұсынылды.
- Ақпараттық-насихаттық медиа-жоспар – ақпарат шығу уақыты, тақырыптық бағыттары және ауқымдылығы көрсетілген медиа-жоспар дайындалып, келісілді.

3.5. Көрнекі және имидждік жұмыстар кешені атқарылды:

- Қазақ және орыс тілдерінде еркін сөйлейтін Әсем Нұралиева және Бақдәулет Мамытов есімді екі кәсіби жүргізушімен қамтамасыз етілді. Олардың қызметтік гонорары, жолақысы және қонақ үйде орналастырылуы, сондай-ақ толыққанды тамақтануы толық көлемде ұйымдастырылды және қамтылды.

- Қала әкімі марапаттау рәсімі үшін ҚР Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген арнайы трибуна микрофонмен орнатылды.

- 100 данадан кем емес гүл шоқтары дайындалды.

- Тапсырыс беруші белгілеген мерзімнен бастап барлық дайындық жұмыстары және негізгі іс-шара толық қамтамасыз етілді.

- Іс-шараға жергілікті шығармашылық ұжымдар, музыкалық топтар және кемінде 4 танымал эстрада әншісі тартылып, олардың гонорары, жол шығыны, қонақүйі және тамақтануы толық қамтамасыз етілді.



Республика
күні
25
қазан

- Сахна тарихи және декоративтік элементтермен безендірілді.



- Режиссер, хореограф, дыбыс режиссері қызметтері көрсетілді, концерттік номерлер дайындалды.

- Концерттік бағдарлама патриоттық, отансүйгіштік және мерекелік тақырыптарды қамтыды.

- Іс-шара тақырыптық видеоролик көрсетілімімен басталып, марапаттау бөлімімен және концерттік бағдарламамен жалғасты.





3.7**.** Сахна эскиздері әзірленіп, авторлық басшылық жүзеге асырылды. Сахнаның барлық элементтері графикалық және макеттік түрде дайындалды.

3.8. Іс-шара өтетін аумақ жоғары деңгейде безендірілді; декоративтік элементтер, эксклюзивті инсталляциялар орнатылды.

Сахна толық дайын күйге іс-шарадан 3 күн бұрын жеткізілді және соңғы репетиция өткізілді.



Дыбыс аппаратурасы дайындық және іс-шара күндерін қоса алғанда 3 күн бойы үздіксіз жұмыс режимінде қамтамасыз етілді.

Фронттық, контрлік, бүйірлік жарықтандыру жүйелері орнатылды.

Жарық құрылғыларының саны мен түрлері Тапсырыс берушімен келісілді.
Орнатылған техникалық жабдықтар:

- LED жарықдиодты құрылғылар

- Графикалық эффектілер беретін прожекторлар

- Кемінде 2 дана тұман генераторы

3.10. 12×4 м көлеміндегі 2 тақырыптық фотоаймақ баннері металл каркаспен жасалды. Бағдарламаға сәйкес видеоконтент пен графика әзірленді.

LED Absen P5 экрандары қажетті көлемде орнатылды.

3.11. Музыкалық аппаратура, жарық құралдары, дронмен түсіру, LED экран жабдықтары толық қамтамасыз етілді. Монтаж, репетиция және тасымалдау жұмыстары орындалды. Іс-шара толық фото және видео түсіріліммен құжаттандырылды.

3.12. Техникалық жабдықтау толық көлемде орындалды:

- Кемінде 20 кВт акустикалық жүйе

- Конструкциялар: алюминий ферма (50 м), сахналық подиум (24 дана), электрлік лебедкалар (18 дана)
- Барлық жабдықтар техникалық талаптарға сәйкес орнатылды.

Баспахана өнімдері бойынша

- Шақыру билеті (250–280 гр, фактуралы глянец) басылды.
- Кемінде 10 бейдж жиынтығы А6 форматында, ламинациямен, дербестендірумен дайындалды.

- Іс-шараға арналған А4 форматындағы полиграфиялық дайджесттер әзірленді.
Мұқабасы тығыздығы 160–200 гр, ішкі беттері 100–120 гр қағазда, 4+4 толық түсті баспа тәсілімен басылып дайындалды.
Жалпы саны — 50 дана.
Материалдар алдын ала Тапсырыс берушімен келісіліп, уақытылы жеткізілді.
- А4 форматындағы фирмалық папкалар дайындалды.
Қолданылған тәсілдер: жібек бедерлеу, гравировка, қағаз кірістіру (вклейка).
Папкалар логотиппен, ақ түсті баулармен, припресс (матовый/глянцевый) өңдеуімен жасалды.
Жалпы саны — 5 дана, оның ішінде Тапсырыс берушімен келісім бойынша ресми нұсқасы — кемінде 2 дана.
- Өлшемі 3×4 м Билбордтың баспа жұмыстары орындалып, 1 қызмет шеңберінде қала аумағындағы белгіленген орынға орналастырылды.

4.3. Іс-шара есептілігін дайындау

Іс-шараның толық өту барысы фото және бейне форматтарында түсірілді.
Түскен материалдардың негізінде шығармашылық есеп әзірленіп, көлемі 20 беттен артық, А4 форматында переплетпен рәсімделді. Қосымша ретінде бейне есептің финалдық нұсқасы дайындалып, электронды тасымалдағышқа жазылып, жалпы есеп құрамына енгізілді.

Барлық материалдар қағаз нұсқасында ресми түрде тапсырылды.
4.4. Қолданылған материалдардың түпнұсқаларын өткізу
Іс-шара барысында қолданылған барлық материалдар, эскиздер, макеттер, сондай-ақ процедуралардың орындалуын растайтын құжаттардың толық топтамасы әзірленді. Барлық құжаттар мен түпнұсқа материалдар реттеліп, есепке қоса тапсырылды. Материалдар Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес толық көлемде ұсынылды.
Ұйымдастырушылық өзгерістер туралы
Тапсырыс беруші тарапынан іс-шараның нақты өткізілетін күні, уақыты және орны бойынша енгізілген өзгерістер Орындаушыға ресми байланыс нөмірі арқылы кемінде 10 күн бұрын хабарланды. Өзгерістер біржақты тәртіпте енгізіліп, Орындаушы оларды толық көлемде және уақытылы ескеріп, жұмыс жоспарына енгізді.

ЕСКЕРТУ:

- Іс-шара Шымкент қаласында санитарлық нормалар мен қауіпсіздік талаптарын толық сақтай отырып өткізілді.
- Іс-шараны ұйымдастыру және өткізу барысында барлық тапсырмалар талапқа сай, сапалы әрі уақытылы орындалды, жоба мазмұнымен орындаушы алдын ала танысып, толық қамтылды.
- Іс-шараның дизайн-концепциясы, эскиздері мен безендіру элементтері тапсырыс берушімен алдын ала келісіліп, бекітілген нұсқаға сәйкес жүзеге асырылды.
- Орындаушы тарапынан көрсетілетін барлық жұмыстар мен қызметтер, жеткізілетін тауарлар, техникалық қамтамасыз ету, логистика, персонал шығындары және іс-шараны өткізуге байланысты өзге де барлық шығындар толықтай орындаушының есебінен қамтамасыз етілді.

Іс-шара жоғары ұйымдастырушылық және көркемдік деңгейде өтті, Тапсырыс берушінің барлық талаптарына сай келді және Шымкенттің мәдени өміріндегі маңызды оқиғаға айналды. Қазақстан Республикасы күнін мерекелеу жарқын, ауқымды және салтанатты түрде өтті, қатысушылар мен көрермендерге мақтаныш пен шабыт сыйлады.

Іс-шараны дайындау мен өткізуді құжаттайтын барлық фото және бейне материалдар Тапсырыс берушіге флешкаға толығымен берілді. Жеткізуші келісімшарт бойынша қызметтерді техникалық сипаттамаларға, мерзімдерге және бекітулерге сәйкес толық көлемде орындады. Тапсырыс

берушіден, қатысушылардан немесе іс-шара қонақтарынан ешқандай пікірлер немесе шағымдар түскен жоқ.


Республика
күні
25
қазан

ӘБДІР
КЕР
Шымкент
рта са
асқарм
рен ен

ӘБДІР
КЕР
Шымкент
рта са
асқарм
рен ен

ҚОН
«Ерен

РАХ
Шы
қатын
«Ере

ӘБДІРА
КЕРІМ
ымкент қ
рта сапа
асқарма
Ерен еңбе

НҰ
МЫР
ЖАН
№1 қала
ауру
он еңбе

НҰ
МЫР
ЖАН
№1 қала
ауру
он еңбе

РАХ
Шы
қатын
«Ере

ӘБДІРА
КЕРІМ
ымкент қ
рта сапа
асқарма
Ерен еңбе





Респ
күні

Респ
күні

Республика
күні
25
қазан

Респ
күні

Республика
күні
25

Республика
күні
25
қазан

Ақпараттық сүйемелдеу материалдары

МИА Казинформ
https://www.inform.kz/ru/den-respubliki-i-35-letie-deklaratsii-o-gosudarstvennom-suverenitete-otmetili-v-shimkente-cf07f0



День Республики и 35-летие Декларации о государственном суверенитете отметили в Шымкенте

Во дворце «Қызғалдақ» города Шымкента прошло торжественное мероприятие «Қыран елім — Қазақстаным», посвященное Дню Республики и 35-летию Декларации о государственном суверенитете Казахстана, передает агентство Kazinform.

Праздничная программа сплотила участников, наполнив мероприятие духом патриотизма, национального единства и гордости за Родину, отметили в акимате города.
В числе участников — представители интеллигенции, ветераны, депутаты маслихата, члены общественного совета и жители мегаполиса.

День Республики — важный праздник национального единства, один из главных государственных символов независимости, суверенитета и сплоченности казахстанского народа.

Выступая с поздравительной речью, аким Шымкента Габит Сыздыкбеков отметил историческую значимость этого праздника и подчеркнул роль единства и труда в развитии страны.

— Это знаменательный день, когда был заложен фундамент нашего государства и определен будущий курс независимого Казахстана. Наряду с Днем Республики мы отмечаем 35-летие Декларации о государственном суверенитете. Сегодня, по инициативе Президента Касым-Жомарта Кемелевича Токаева, страна проходит этап политического и экономического обновления, — отметил градоначальник.

Экономика мегаполиса демонстрирует уверенный рост

По словам акима, за последние годы экономика Шымкента получила значительный импульс развития. За три года в город привлечено около 2 триллионов тенге инвестиций, введено в эксплуатацию более 3 миллионов квадратных метров жилья. Бюджет Шымкента впервые достиг 895 миллиардов тенге, при этом половина средств направлена на поддержку социальной сферы.

— Шымкент сегодня — современный, динамично развивающийся мегаполис с развитой инфраструктурой и высоким экономическим потенциалом. Мы последовательно работаем над тем, чтобы результаты проводимых реформ ощущались каждым жителем города, — подчеркнул Габит Сыздыкбеков.

Труд горожан отмечен государственными наградами

В ходе церемонии более 40 жителей города, внесших весомый вклад в развитие региона и страны, были награждены государственными и ведомственными наградами. Среди них — ордена «Парасат», «Құрмет», «Еңбек Даңқы» III степени, медали «Ерен еңбегі үшін» и «Шапағат».

Кроме того, отличившиеся граждане получили почетные звания «Заслуженный деятель Казахстана», «Ветеран государственной службы», Почетную грамоту Президента Республики Казахстан и золотую медаль Ассамблеи народа Казахстана «Бірлік».

Среди награжденных — Бухарбай Парманов, посвятивший более 40 лет государственной службе.

— Всю жизнь я проработал на государственной службе. Сегодня мой труд отмечен орденом «Құрмет». Это большая честь. День Республики — один из самых значимых праздников, символизирующий независимость страны и призывающий к единству и сплоченности народа, — сказал ветеран.

Сотрудница Военного колледжа имени Сабыра Рахимова Министерства обороны РК Гульмира Оспанова награждена медалью «Ерен еңбегі үшін».

— Эта награда — признание труда всего нашего коллектива. В Шымкенте сегодня активно ведется работа по военно-патриотическому воспитанию молодежи. По инициативе и при поддержке десяти общественных объединений создана Комиссия ветеранов, которая проводит масштабные мероприятия, направленные на укрепление патриотического духа и уважения к истории страные, — отметила Гульмира Оспанова.

Праздничный концерт — в честь независимого Казахстана

Кульминацией вечера стал праздничный концерт, насыщенный патриотическими песнями и яркими творческими номерами, посвященными независимости и процветанию Казахстана.

Исполнители и творческие коллективы создали атмосферу гордости и вдохновения, подчеркнув величие и ценность государственного суверенитета. Завершился праздник на торжественной и радостной ноте, оставив у зрителей теплые и незабываемые впечатления, отметили в акимате города.

Ел кз
https://el.kz/respublika-kuni-astana-almaty-zhane-shymkentte-qayda-baruga-bolady_400038958/



Биыл қазақстандықтар 25-27 қазан аралығында қатарынан үш күн демалады. Республика күніне орай елдің барлық өңірінде концерттер, фестивальдер, көрмелер, театр қойылымдары мен спорттық жарыстар ұйымдастырылады. El.kz интернет порталы Астана, Алматы және Шымкент қалаларында өтетін ең қызықты іс-шаралар тізімін жасады.

Шымкент қаласы
25 қазан
Қалалық әкімдіктің мәліметінше, негізгі мерекелік іс-шаралар «Астана» алаңында өтеді.
10:00-14:00 аралығында қалалық қуыршақ театры мен Шымкент циркінің әртістері өнер көрсетеді. Ұлттық дәстүр мен салтқа негізделген театрландырылған қойылымдар ұсынылады, сондай-ақ дәстүрлі орындаушылар шеруі өтеді.
19:00 – Отандық эстрада жұлдыздарының қатысуымен гала-концерт. Сахнада Yenlik, Мадина Сәдуақасова, Zаман тобы, Ғазизхан Шекербеков, Үшқын Жамалбек, Асет Есжан және Жігер тобы өнер көрсетеді.

Tengrinews
https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/v-shyimkente-torjestvenno-otmetili-den-respubliki-584066/



24 KZ

https://24.kz/kz/zha-aly-tar/kogam/737068-symkentte-respublika-kuni-ken-kolemde-tojlandy

Шымкентте Республика күні сынды ұлттық мереке кең көлемде тойланды. Мәдени – патриоттық іс-шара аясында қолөнершілер көрмесі ұйымдастылып, жергілікті баспа үйлерінің кітап жәрмеңкесі ұсынылды. Сонымен қатар ұлттық салт-дәстүрлер дәріптелді. Мерекелік шара эстрада әншілерінің гала-концертімен қорытындыланды. Тұрғындар таң азанымен мерекені атап өту үшін орталық алаңға ағылды. Мәдениет мекемелерінің өнерпаздары ұсынған театрландырылған қойылымдарды тамашалап, ұлттық салт-дәстүрге негізделген көріністерге куә болды. Әуелеген ән тыңдап, күмбірлеген күйден ерекше әсер алды. Бауыржан Орынбасар, Қалалық мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасының басшысы: - Жалпы мақсат біздің халыққа, тұрғындарға, сонымен қатар қаламызға келген қонақтарға мәдениетімізді, өнерімізді, спортымызды барлық салт-дәстүрімізді көрсету, дәріптеу. Жалпыхалықтық мерекеде балалар үшін арнайы бағдарлама әзірленді. Цирк әртістері көтеріңкі көңіл-күй сыйлау мақсатында акробатикалық өнер көрсетіп, қызықты қойылымдар ұсынды. Сонымен қатар асық ату, арқан тарту, қазақ күресінен сайыс ұйымдастырылып, ұлттық ойындар дәріптелді. Гусейн Алиев, турист: - Барлығы жоғары дәрежеде ұйымдастырылған. Адамдар тамаша көңіл-күйге бөленіп, шаттанып жүр. Біздің саяхатымыз мерекемен тұспа-тұс келгеніне қуаныштымыз. Мерекелік іс-шара гала-концертпен жалғасты. Жергілікті өнерпаздар мен елге танылған Yenlik, «Заман» тобы, Ғазизхан Шекербеков, Ұшқын Жамалбек, Әсет Есжан, Мадина Садуақасова мен «Жігер» тобы өнер көрсетіп, әннен шашу шашты. Қанат Елікбаев, «Жігер» тобының мүшесі:
- Бізге шырайлы Шымкент өте ыстық және қонақжайлығымен ерекше. Біздің қазақи, мән-мағынасы бар әндердің көбі осы оңтүстіктен шығып жатыр. Сонодықтан да осы жерде біздің тыңдармандарымыз көптеу деп айтуға болады. Өте қатты қуаныштымыз. Бүгінгі керемет республика күнін жылы қарсы алып, кешті өткізіп жатқанына мың да бір алғысымызды айтқымыз келеді. Мерекелік бағдарламада бірлік пен татулық, отанға деген сүйіспеншілік әнге арқау болды. Басты мақсат «егемен елдің тарихын танытып, болашаққа деген бағдарды дәріптеу»,- дейді ұйымдастырушылар.

Jas Qazaq
https://jasqazaq.kz/shymkentte-respublika-kynine-oraj-merekelik-is-sharalar-otedi/



25 қазан – Республика күні бүкіл елімізде кеңінен атап өтіледі. Бұл күні түрлі іс-шаралар өткізілетіні белгілі. Шымкент қаласында да мерекеге орай кең ауқымды мәдени

және патриоттық іс-шаралар ұйымдастырылады. Бұл туралы бүгін Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Шымкент қаласы әкімдігінің ресми өкілі — қала әкімінің орынбасары Сәрсен Құранбек айтып өтті.

Мерекелік бағдарламалар 24 қазан күні басталады. Сағат 16:00-де «Қызғалдақ» сарайында салтанатты ресми жиын өткізіледі. Іс-шара барысында қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосқан азаматтарға мемлекеттік наградалар табысталады.

25 қазан күні сағат 10:00-де «Шымсити» саябағында орналасқан Ту тұғырында Ту көтеру рәсімі өтеді. Сол күні сағат 10:00-ден 14:00 аралығында «Астана» алаңында Республика күніне арналған кең көлемді жалпы халықтық мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылады.

Бағдарлама барысында қалалық қуыршақ театры мен Шымкент циркінің әртістері көрермендерге өз өнерін ұсынса, ұлттық салт-дәстүрге негізделген театрландырылған көріністер мен дәстүрлі әншілер шеруі өткізіледі. Сонымен қатар, Отандық баспа үйлерінің қатысуымен кітап жәрмеңкелері мен тақырыптық көрмелер өтеді. Көрмеде қала тұрғындары мен қонақтары тарихи және мәдени мазмұндағы басылымдармен танысып, жаңа әдебиеттермен сусындауға мүмкіндік алады.

Кешкі сағат 19:00-де қала тұрғындары мен қонақтары үшін ашық аспан астында ауқымды мерекелік гала-концерт ұйымдастырылады. Концертте еліміздің және Шымшаһардың танымал өнер жұлдыздары – Ғазизхан Шекербек, Ұшқын Жамалбек, Мәдина Сәдуақасова, Еңлік, Әсет Есжан, сондай-ақ «Заман» және «Жігер» топтары өнер көрсетеді. Республика күні – ел бірлігі мен тәуелсіздігін дәріптейтін мерейлі мереке. Шымкент қаласында өтетін мерекелік іс-шаралар тұрғындарға көтеріңкі көңіл-күй мен патриоттық рух сыйламақ.

International.kz

https://international.kz/4236-shymkentte-respublika-kn-men-egemendk-deklaracijasyny-35-zhyldyyna-arnalan-saltanatty-s-shara-tt.html

Бүгін Шымкент қаласындағы «Қызғалдақ» сарайында Республика күні мен Мемлекеттік егемендік туралы декларацияның 35 жылдығына арналған «Қыран елім – Қазақстаным» атты мерекелік салтанатты іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылды.

Шараға зиялы қауым өкілдері, ардагерлер, мәслихат депутаттары, қоғамдық кеңес мүшелері мен қала тұрғындары қатысты.

Бұл айтулы мереке — ел тәуелсіздігі мен бірлігін ұлықтап, халықтың жүрегінде отансүйгіштік рухты асқақтататын ерекше күн ретінде аталып өтті.

Салтанатты жиында Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбеков ел дамуына айрықша үлес қосқан бірқатар азаматқа мемлекеттік және салалық марапаттар табыстап, барша қала тұрғындарын Ұлттық мерекемен шын жүректен құттықтады.